

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ FOR THE AID TO THE TEACHER

МРНТИ 04.15.07

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-8940.24>

Г.Д. Рахимова *

*Философия ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті
Алматы қ., Қазақстан*

«САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада салыстырмалы әлеуметтану пәнінің ерекшеліктері қарастырылады. Пәнді игеру барысында алдымен пәннің өзіндік ерекшеліктеріне терең бойлай отырып оқытылуы жөніндегі пікірлерді автор алға тартады. Көптеген ғылым салаларында, әсіресе, ғылыми-жаратылыстанулық, ғылыми-әлеуметтік және гуманитарлық салаларда зерттеу барысында бірінші қолданылатын салыстырмалы әдістің салалар бойынша ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Соның ішінде Дж.С.Миллдің ғылыми индукция әдісінің социологияда қолдану ерекшеліктерін ашып көрсетуге талпыныс жасайды. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын зерттеуші-ғалым алдымен нені және қалай талдайтынына анализ жасауы керектігі басты назарда болуын атап көрсетеді. Әлеуметтік ғылымдарда салыстырмалы зерттеулер жүргізу әлдеқайда қиынырақ. Қоғам мәселелерін зерттеуші қоғамның өзгермелілігіне мән беруі тиіс және бұл зерттеу объектісінің де өзгерісі екенін білдіреді. Миллдің зерттеу әдістері эксперименталды ғылымдардың тәжірибелеріне сәйкес келеді. Социология ғылымдарында оны қолдану жұмыс барысында біршама қиындықтарға әкеледі. Себебі қоғам әрдайым өзгерісте. Қоғамдық өзгеріс әлеуметтік прогрессте де өз сипатын көрсететіні зерттеу объектісінің тұрақсыздығын білдірсе керек деген тұжырымды автор алға тартады.

Түйін сөздер: салыстырмалы әлеуметтану. Салыстыру әдісі. Дж.С.Миллдің ғылыми индукциясы.

*Рахимова Г.Д.**

*Кандидат философских наук
Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
г.Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРАВНИТЕЛЬНЫХ МЕТОДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «СРАВНИТЕЛЬНАЯ СОЦИОЛОГИЯ»

Аннотация

В статье рассматриваются особенности дисциплины сравнительная социология. В процессе освоения дисциплины, прежде всего, автор высказывает мнение, что дисциплина преподается с глубоким пониманием ее особенностей. Во многих областях науки, особенно в естественных, социальных и гуманитарных науках, особое внимание уделяется специфике сравнительного метода, который впервые используется в исследованиях. В частности, автор попытается раскрыть особенности применения метода научной индукции Дж.С.Милля в социологии. Автор подчеркивает, что перед тем, как приступить к исследованию, ученый-исследователь должен сначала проанализировать, что и как анализировать данную проблематику. Автор выделяет что сравнительное исследование в социальных науках намного сложнее. Исследователь социальных проблем должен обращать внимание на изменчивость общества, а значит, меняется и объект исследования. Методы исследования Милля соответствуют экспериментам экспериментальных наук. Его применение в социологических науках приводит к некоторым трудностям в работе. Потому что, общество всегда меняется и вместе с ним и уклад жизни. Тот факт, что социальные

изменения также отражаются в социальном прогрессе, вероятно, означает нестабильность объекта исследования.

Ключевые слова: Сравнительная социология. Сравнительный метод. Научная индукция Дж.С.Милля.

*Rakhimova G.D.**
candidate of philosophical sciences
Kazakh National pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF THE USE OF COMPARATIVE METHODS IN TEACHING THE DISCIPLINE «COMPARATIVE SOCIOLOGY»

Abstract

The article examines the features of the discipline of comparative sociology. In the process of mastering the discipline, first of all, the author expresses the opinion that the discipline is taught with a deep understanding of its features. In many fields of science, especially in the natural, social and human sciences, special attention is paid to the specifics of the comparative method, which is first used in research. In particular, the author will try to reveal the features of the application of J.S. Mill's method of gauche induction in sociology. The author emphasizes that before embarking on a research, a research scientist must first analyze what and how to analyze a given problem. The author points out that comparative research in the social sciences is much more difficult. A researcher of social problems must pay attention to the volatility of society, which means that the object of research also changes. Mill's research methods are consistent with experiments in experimental sciences. It's application in sociological sciences leads to some difficulties in work. Because society is always changing, and with it the way of life. The fact social change is also reflected in social progress is likely to mean the instability of the research subject.

Keywords: Comparative sociology. Comparative method. J.S. Mill's scientific induction.

Кіріспе

Кез-келген істі бастар алдында адам көз алдына қойған мақсат пен оған қол жеткізудің амалдарын қарастыратыны сөзсіз. Бұл амалдар ғылым тілінде «әдістер» деп аталады. Әдістердің өзін жеке ғылымдар әдістері және жалпы ғылыми әдістер деп екіге бөліп қарастырамыз. Кез келген зерттеу жұмысының барысында әдістерге сүйенсек те таным процесі алда жүретіні белгілі. Барлық ғылым саласында белгілі бір жүйелер қалыптасқанымен бәрі де толыққанды зерттеу объектісін аша алмасы анық. Ғылыми танымның эмпириялық және теориялық деңгейлеріне қарай модельдеу немесе өлшем арқылы салыстыру әдісі шығады. Ол дегеніміз, зерттелетін объектіні көз алдымызға шынайы елестету арқылы өлшемдер жасау немесе нақты өлшемдер арқылы іске кірісу. Б.Спиноза бұл қағиданы өз мәні бойынша сұрыптап тұжырымдай білді. Яғни: 1) Зерттеп тануды қажет ететін заттардың саны шектеусіз; 2) Шекті ақыл-ой шексіздікті түсіне алмайды [1, 126 с.]. Бұл орайда бізге жаратылыстанулық ілімдерден гөрі гуманитарлық ілімдерде салыстыру әдісінің нақты өлшемге көнбейтіндігі туралы болмақ. Себебі гуманитарлық ілімдер саласына жататын социологиялық салыстыруларда нақты қоғам мен оның әлеуетінің өзгермелілік факторларына ерекше мән берген аса маңызды.

Зерттеудің методологиясы

Мақалада ғылыми әдістерде кең қолданылатын салыстырмалы әдіс қолданылады. Жалпы ғылыми әдістердің ішіндегі индукция әдісін пайдалана келе мысалдармен көрсетіледі. Салыстырмалы әдісті пайдаланудың ғылымдар саласына орай ерекшеліктеріне назар аударылады. Американдық әлеуметтанушы Р.Мертонның «Орта деңгей теорияларына» сүйене отырып, оның ішіндегі әлеуметтік қауымдас-тықтар теориясын да негізгі аргумент ретінде пайдаланады. Яғни, әлеуметтанулық зерттеудің мәліметтерін салыстырмалы әдіс құралдарын пайдалана отырып нәтиже табуға ұмтылу. *Ғылыми – жаратылыстанулық, ғылыми-әлеуметтік және гуманитарлық ілімдердегі салыстыру тәсілдерін қолдану.*

Нәтижелерді талқылау.

Салыстырмалы әлеуметтанудың ғылым ретіндегі ерекшеліктерін қарастырмас бұрын алдымен оның маңызды элементтеріне назар аудару керек. Онсыз бұл проблеманы ақылға салу мүмкін емес. Ең алдымен, «салыстыру», «салыстырмалы» ұғымдарына басты назар аудару қажет. Сонымен салыстыру

деген не? Салыстыру – бұл салыстырылатын объектілер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға бағытталған танымдық зерттеу әдісі. Кез келген салыстыру үш кезеңнен тұрады:

- 1) Салыстырылатын объектілерді дұрыс тандап, анықтау.
- 2) Салыстырмалы негіздерін іздеу.

3) Салыстырылатын объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін салыстыру критерийлерін белгілеу.

Объектілерді салыстыру процесін бастамас бұрын алдымен төмендегі үш сұраққа жауап беріп қана кірісуіміз қажет. Яғни:

- 1) Салыстыру объектісі не?
- 2) Зерттелетін объектілер қандай негізде, қандай өлшемдерге сай салыстырылмақ?

3) Объектілерді салыстыру барысында қандай да бір критерийлер бар ма немесе қандай критерийлер бойынша салыстырылады?

Осы сұрақтар анықталғаннан кейін ғана таңдалған критерийлерге сәйкес объектілер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды нақты салыстыру процесіне көшуге болады. Салыстыру дегеніміз не? Салыстыру – бұл танымдық операция. Кез келген ғылыми еңбекті зерттеу барысында, мейлі ол тәжірибелік зерттеулерді талап ететін ғылым саласы болсын алдымен зерттеу объектісі жөніндегі маңызды ақпараттарды жинаудан бастаймыз. Соның ішіндегі Салыстырмалы әлеуметтанудың сипаттама-сына келер болсақ, бірінші жағынан бұл әлеуметтану ғылымындағы салыстыру ерекшеліктерін қарастыруды қажет етеді. Екінші жағынан, салыстыру процесінде жалпы әлеуметтанудың не екенін ұға бастаймыз. Осы екі мәселені шешу үшін гуманитарлық (humanities) ғылым саласындағы және әлеуметтік-жаратылыстану ғылымдары (social and natural sciences) арасындағы салыстыру ерекшеліктерін талдау қажет. Салыстырмалы әлеуметтанудың мәні мен «мәңгілік мәселелері» ең алдымен әлеуметтанудың әлеуметтік ғылымдарға жататындығымен сипатталады. Әлеуметтік ғылымдардың қарастыратын ең негізгі объектісі – қоғам және онда өмір сүріп жатқан адамдардың әлеуеті. Әлеует ұдайы өзгерісте. Ұдайы өзгерісті зерттеу аппараттары да категориалды болмақ.

Ал, әлеуметтік ғылым ретінде түсіну мен түсіндіруді қажет ететін бірегей мәдени және тарихи шындықпен айналысады. Дәл осы императивтердің тоғысында зерттеу процесінде логика мен салыстырылуларды бір арнаға қосу тәсілдері арқылы әлеуметтанудың ғылыми пән ретіндегі ерекшеліктері анықталады.

Әлеуметтанудың ғылыми-әлеуметтік білім жүйесіндегі орнын анықтауда әртүрлі тәсілдер бар. Біз ол тәсілдерге төменде қысқаша тоқталып өтуге тырысамыз және айырмашылықтарын көрсетуге ұмтыламыз.

Жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардағы салыстырулар. Дж.С.Миллдің әдістері.

Ғылыми-зерттеу әдісі мен зерттеудің басқа типтерінің ерекшеліктері неде? Ғылыми-зерттеудің мақсаты – белгілі бір эмпирикалық шындықта не болады деген сұраққа жауап іздейді. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын зерттеуші-ғалым алдымен нені және қалай талдайтынына анализ жасауы керек. Тақырыпты анықтауда алдымен оның теориялық негіздерін табу маңызды болмақ. Бұл арқылы зерттеуші-ғалым оның маңызды аспектілері мен маңыздылығы онша жоғары емес тармақтарын алдымен бөліп алады. Бұл жолда да зерттеуде қолданылмақ әдістерін алдын ала болжап белгілеп алғаны жөн. Сонымен, ғылым эмпирикалық зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтауды қажет етеді. Ғылыми білім міндетті түрде салыстыру негізінде себеп пен салдар арасындағы байланыстарды анықтайтын және тексеретін арнайы әдістерді қажет етеді. Сондықтан социологияда салыстыруды қолдану жалпы ғылыми негіздерге ие. Бұл негіздер әдетте ғылыми индукция әдістері немесе Дж.С.Миллдің «Логика жүйесі» (Mill, 1900) еңбегінде қарастырылған болатын.

Индукция – бірнеше (эмпирикалық байқалған) жағдайларды салыстыру негізінде бақыланатын құбылыстардың себебі туралы қорытынды шығаруды болжайтын жекеден жалпыға өту әдісі. Ф.Бэконның идеяларын дамыта отырып Дж.С.Милл бес әдісті сипаттайды. Олардың әрқайсысы құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жүйелі түрде анықтаумен байланысты. Миллдің әрбір әдісі салыстыруларды қамтиды.

Ұқсастық әдісі – бірнеше жағдайларды салыстыруға бағытталған бақыланатын құбылыстың себебі туралы қорытынды жасау. Егер бақыланатын құбылыстағы бірнеше жағдаяттың бір себебі болса онда ол салыстыруға жатады. Ұқсастық әдісі бойынша бірнеше жағдаят қарастырылуы мүмкін. Олардың әрқайсысында өзінің зерттелетін объектісі болмақ. Сонымен қатар барлық жағдайларда тек біреуі бойынша, ал басқа жағдайларда бұрынғысынша салыстырылады. Ұқсастық әдісінің ерекшелігі – жалпыдан жалқыны таба отырып зерттеу. Ұқсастықтар туралы мысалдар келтіре кетсек:

Жаз мезгілінде ауылдардың бірінің медициналық орталығы қысқа мерзім ішінде үш рет дизентерия ауруын тіркеді делік. Аурудың себептерін анықтауда басты назар ауыз су мен тағамның келесі түрлеріне аударылды. Олар басқаларға қарағанда жаз мезгілінде ішек ауруларын тудыруы мүмкін:

- А) құдық суы;
- М) өзен суы;
- В) сүт;
- С) көкөністер;
- Ғ) жемістер.

Пациенттердің тамақтану жағдайылары *I-кестеде* көрсетілген:

I-кесте

Тіркелгені	Құдық суы А	Өзен суы М	Сүт В	Көкөністер С	Жемістер Ғ	Нәтиже (ауру) -D
1	+	-	+	+	-	+
2	-	+	+	-	+	+
3	-	+	+	+	-	+

Жоғарыда көрсетілген кестеге сәйкес салыстырсақ, дизентерияның таралуына себеп болған сүт (В) деген қорытынды жасауға болады [2,154-155 с.]. Бұл нәтижелерден түсінетініміз, ұқсастықты пайымдау схемасы төмендегідей:

- 1) ABC – d-ның тууына себеп.
- 2) MBF - d-ның тууына себеп.
- 3) MBC - d-ның тууына себеп.

Шыққан нәтиже бойынша, d-ның тууына себеп В болып табылады. Біз бұл әдісті нәтижелі түрде жаратылыстанулық ілімдер аясында қолдана аламыз. Әлеуметтік ғылымдар аясында дәл осы әдісті қолдану мысалдарына келер болсақ. Мәселен, Айгүл, Айнұр және Әсел саяжайға барды. Олар тосап қайнату үшін жеміс-жидектер жинап, жол бойында терген жидектерін жеп қайтты. Нәтижесінде үшеуінің де денесінде бөртпелер пайда болды. Бөртпенің пайда болуына не себеп болды екен? Айгүл қарақат пен қарлыған жеді, Айнұр құлпынай мен қарақат жеді, ал Әсел таңқурай мен қарақат жеді. Салыстыру нәтижесінде үш қыздың да ортақ бір жемісті жегендерін аңғарамыз. Ол – қарақат жемісі. Демек, балалардың денесіне шыққан бөртпелер қарақаттың әсерінен пайда болды деген қорытынды жасауға болады.

Бұл жерден нені аңғарамыз? Ұқсастық әдісімен индуктивті қорытынды жасаудың логикалық механизмі бірқатар когнитивті алғышарттарды болжайтынына көз жеткіздік деген тұжырымға келеміз.

Айырмашылық әдісі – бақыланытын құбылыстың себебін анықтау үшін тек екі түрлі жағдаятты салыстыру ұсынылады. Мәселен, Мақсат бақылау жұмысынан «бес» алды. Ал Айбек «төрт» алды. Олар жауап нұсқаларын жазып, нәтижелерін тексеруге кірісті делік. Олардың соңғы тапсырмадан басқа тапсырмаларындағы жауаптары сәйкес келеді. Демек, тапсырманы дұрыс орындамаған Айбек екені белгілі болды. Ұқсастық әдісінің логикалық пайымдауы қарапайым екені түсінікті болып тұр.

Ұқсастық пен айырмашылықтың аралас әдісі (айырмашылықтың жанана әдісі) – бұл екі әдіспен тығыз байланысты болып келетін әдіс. Құрылымдық жағынан алып қарағанда бұл екі жағдаятты ғана салыстыру емес, бірнеше жағдаяттарды салыстыру. Бірінші жағдаятта құбылыс бақыланады, ал екіншісінде бақыланбайды. Осыған байланысты бұл әдіс ажырату әдісіне сәйкес келеді.

Мысалы, Айбек, Айдос, және Мағжан мен Мөлдір асханада тамақтанды. Айбек пен Айдос уланып қалды да Мағжан мен Мөлдірге ешнәрсе болмады. Айбек борщ, макарон және котлеттер жеді. Айдос қырыққабат пен жұмыртқа араласқан сорпа ішіп, макарон мен котлеттер жеді. Олар неден уланған: макарон өнімдерінен бе, әлде котлеттен бе? Мағжан борщ пен балыққа макарон алды, ал Мөлдір қырыққабат пен жұмыртқа араласқан сорпа мен балыққа қосымша макарон алды. Екеуі де макарон алды, бірақ котлет алмады. Демек, салыстыру нәтижесінде котлеттер бүлінген тамақ болып шықты.

Қалдықтар әдісі дегеніміз – таңдау қалған жағдайда қарастырылатын құбылыстың себебін анықтау болып табылады. Бұл әдіс басқа себептердің көмегімен көптеген себеп-салдарлық байланыстар орнатылған кезде қолданылады. Яғни, алдыңғы әдістер туралы білімдерге сүйене отырып қолданылады.

Мәселен, Айбек гардеробқа барды. Айдос одан өзінің қара күртешесін ала келуін өтінді. Ілгіште тұрған үш түрлі қара күртешені көрді. Қайсы күртеше Айдостікі болды екен? Айбек ойланып қалды. Сол жақтағы күртешені Мағжанның үстінен, ал оң жақта ілініп тұрған күртешені Сырымның үстінен көргенін есіне түсірді. Демек, ортасында ілініп тұрған күртеше Айдостікі болғаны. Бұл салыстыруды біз *қалдықтар әдісіне* жатқызамыз.

Леспе өзгерістер әдісі – себептерге байланысты ойқорытындылау. Белгілі бір құбылыстың уақытқа, ауа-райына немесе кез-келген нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отыруы. Мәселен, адамның кейде қан қысымы төмендейді немесе жоғарылайды делік. Адам өзін іштей бақылап жүрген болса, онда мұндай жағдайдың ауа-райының тез құбылуы салдарынан болуын түсіне бастайды. Ауа-райының өзгеруі бірсыдырғы болса, онда бұл хәл байқалмайды делік. Сонда, белгілі бір адамның қан қысымының күрт көтерілуі немесе түсу шапшаңдығына күн райының да қатысы болғандығы екендігі салыстырылып тұр.

Леспе өзгерістер әдісі Миллдің статистикалық әдістеріне жатады. Ол себеп-салдар шамасының өзгеріске енуін тануға мүмкіндік беретін ықтималдылықты қолдана отырып статистикалық талдауды ұсынады. Миллдің басқа әдістері себептердің болуы не болмауын болжайтын детерминизмге сүйенеді. Байқап отырғанымыздай, Миллдің әдістері салыстырудың жалпығылыми негіздерін анықтайды.

Жаратылыстану ғылымдарында салыстыру әдісі эксперименттік әдістерге сүйене отырып атқарылады және олар себеп-салдардың байланысын орнатудың негізгі құралы болып табылады. Зерттеуші зерттеу нысандарын оқшаулап, эксперименттік жағдайларды болжамды себептер арқылы өзгерте отырып салыстыру арқылы табады. Бұл жерде эксперимент жеке бақылай алатын жағдайда өтеді.

Әлеуметтік ғылымдарда салыстырмалы зерттеулер жүргізу әлдеқайда қиынырақ. Қоғам мәселелерін зерттеуші қоғамның өзгермелілігіне мән беруі тиіс, бұл зерттеу объектісінің де өзгерісі екенін білдіреді. Миллдің зерттеу әдістері эксперименталды ғылымдардың тәжірибелеріне сәйкес келеді. Социология ғылымдарында оны қолдану жұмыс барысында біршама қиындықтарға әкеледі.

Компаративистика немесе әлеуметтік ғылымдардағы салыстыру әдістері. Табиғи және әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар себеп пен салдарды жүйелі түрде салыстыруды көздейтін әдістерді қолданбайды. Гуманитарлық білім адам өмірінің әртүрлі аспектілері туралы білімдер мен түсініктерді іздейтін көптеген пәндерді қамтиды. Әдетте бұларға философия, тарих, тіл білімі, өнертану, мәдениеттану, кейде теология жатады. Бұл пәндер интерпретацияға негізделген, себебі таным субъектісіне түбегейлі тәуелді. Сондықтан бір сұраққа жауап бере отырып әртүрлі зерттеушілер әртүрлі жауаптар алады деп болжанады. Гуманитарлық пәндердің көпшілігінде компаративистикалық зерттеулер деп аталатын білім саласы бар. Компаративтілік (лат. *comparativus* - салыстыру) – мәдениеттануда салыстырмалы зерттеу арқылы мәдениетті жалпы және ерекше құбылыстарды анықтау, ондағы даму тенденцияларын айқындау әдісі [3, 135 б.]. Бастапқыда бұл термин лингвистикаға қатысты болды және тілдік қатынастарды салыстыруда қолданылды. Кейінірек оның мағынасы білімнің басқа салаларында – әдебиеттану (әдебиеттерді салыстыру), философияда (философиялық дәстүрлерді салыстыру, әсіресе Батыс пен Шығыс), мәдениеттану (мәдениеттер мен өркениеттерді салыстыру) және аймақтану (мемлекеттерді салыстыру) салаларында кеңірек қолданыла бастады. Мұның барлығы әлеуметтанулық зерттеудің мәліметтерін талдау болып табылады. Алынған мәліметтерді талдаудың сапалық бөлігі төмендегідей:

- Зерттелетін құбылыстар мен бұрын анықталған фактілермен салыстыру (зерттеу пәні туралы нығайтылған немесе теріске шығарылған болжамдармен бірге) арасындағы байланысты немесе заңдылықты анықтау;

- Анықталған байланыстар мен үрдістерді сипаттай отырып, олардың қандай жағдайда орын алатынын ескерту қажет;

- Зерттеу мәліметтері негізінде олардың артында тұрған әлеуметтік проблеманы тұжырымдауға әрекет жасалынады;

- Зерттеу мәліметтерін зерттелетін құбылыстар туралы болжамдарға тықпаламау керек [4, 258 б.].

Біздің ойымызша «компаративистика» әдісін гуманитарлық ғылымдардың дәстүрлеріндегі салыстыруларды сипаттау үшін ғана қолданылған дұрыс. Компаративистика – бұл күрделі ғылыми әдіс. Ғылыми әдістердегі салыстырулардың жиынтығы [5]. Оны әлеуметтануда қолданудың өнімділігі аз, себебі адасушылыққа алып келуі мүмкін. «Компаративистика» термині алғаш рет Е.Д.Поливанова мен И.А. Королеваның 1931 ж. жарық көрген «За марксистское языкознание» еңбегінде кездеседі. 1930-40-жылдардағы компаративистиканы тіл біліміндегі салыстырмалы әдіс ретінде пайдаланылғандығы жөнінде сол жылдардағы сөздіктер мен анықтамалар дәлелдейді. Көрнекті американдық әлеуметтанушы Роберт Мертон құрылымдық функционализмнің біртұтас интегралдық теориясының орта деңгейдегі эмпирикалық деректерін қоса отырып белгілі бір әлеуметтік құбылыстарды талдауға мүмкіндік беретінін айтқан болатын [6, 10 с.]. Мертонның көзқарасы бойынша әлеуметтану әлі теориялық жүйеге толықтай дайын емес. Әлеуметтік кеңістік қанша жерден мобильді болғанымен ол өзгермелі және аморфты болып келеді. Себебі кеңістіктің өзіндік метрикасы мен топологиясы болады [7,7 с.].

Қорытынды. Нәтижелерді қорытындылай келсек, әлеуметтік ғылымдардағы салыстырмалы әдістер жаратылыс-тану немесе гуманитарлық ғылымдардың салыстырмалы әдістерді қолданылуына қарағанда

ерекше-ліктері бар екенін ашуға тырыстық. Әлеуметтік ғылымдарда салыстыру ғылыми әдістің логикасы бойынша қабылданады, бірақ, әдетте бұл эксперименттік жағдайды бақылауға мүмкіндік бермей тек жанама әдіс ретінде қалып қояды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ойзерман Т.И. Главные философские направления. – М.: «Мысль», 1984. – 299 стр.
2. Михалкин Н.В. Логика и аргументация для юристов. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 365 с.
3. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. Құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
4. Әлеуметтану. 2-кітап: Оқулық / Жалпы ред. басқ. М.М.Тажин. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 268 б.
5. Беркалиев Т.Н. Особенности компаративистики как науки и метода исследования деятельности библиотек. // Библиосфера. 2009. №1. – С. 10-16.
6. Кравченко С.А. Социология. Том 2. Новые и новейшие социологические теории через призму социологического воображения. М.: Издательство Юрайт, 2015. – 636 с.
7. Добренков В.И., Кравченко А.И. Фундаментальная социология: В 15 т. Т.5: Социальная структура. – М.: ИНФРА-М, 2004. – 1096 с.

References

1. Ojzerman T.I. Glavnnye filosofskie napravleniya. M.: «Mysl'», 1984. – 299 str.
2. Mihalkin N.V. Logika i argumentaciya dlya yuristov. M.: Izdatel'stvo Yurajt, 2016.-365 s.
3. Madeni-filosofiyalyq enciklopediyalyq sozdik. Qurast. T.Gabitov, A.Qulsarieva zhane t.b. – Almaty: Raritet, 2004. – 320 b.
4. Aleumettanu. 2-kitap: Oqulyq / Zhalpy red. basq. M.M.Tazhin. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 268 b.
5. T.N.Berkaliev. Osobennosti komparativistiki kak nauki i metoda issledovaniya deyatelnosti bibliotek. // Bibliosfera. 2009. №1, str. 10-16.
6. S.A.Kravchenko. Sociologiya. Tom 2. Novye i novejšhie sociologicheskie teorii cherez prizmu sociologicheskogo voobrazheniya. M.: Izdatel'stvo Yurajt, 2015. – 636 s.
7. Dobrenkov V.I., Kravchenko A.I. Fundamental'naya sociologiya: V 15 t. T.5: Socialnaya struktura. – M.: INFRA-M, 2004.- 1096 s.